

тобы пайда болды. Көптеген ғалымдар оны жан-жақты зерттеп, зерделеді, өз топтастырулары мен еңбектерін тіл біліміне енгізді. Сол арқылы оның өмірімізде атқарар қызметін айқындап берді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оңдасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері.– Алматы: «Білім», 2011. – 224 б.
2. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 472бет. + 8 бет суретті жапсырма.
3. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
4. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 256 б.
5. Жүнісов С. Заманай мен Аманай. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 384 б, портр.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 14: Діни дастандар, 2005. – 380 б, суретті.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: “Фолиант”, 2009.55-том. Батырлар жыры, 2009. – 330 б.
8. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім, 2011. Т.1. – 408 б.
9. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Білім», 2003. – 320 б.
10. Хусаинов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 172 с.

ӘОЖ 81'35:81'243

ШЕТ ТІЛДЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Бижанова Маржан

bizhanovamarzhan2002@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г. Мамаева

Алаш зиялыларының тіл тақырыбындағы еңбектерінің сан қырлығы – ұлт тағдырындағы тілдің маңызы ерекше екенін аңғартады. Сондықтан да Алаш қайраткерлері ең алғаш болып тілтану ғылымының негізін қалады. Сол кезеңде қазақ тіл білімінің ең өзекті тақырыптарының бірі – емле мәселесі. Халықтың сауатты болуы әрі хат тануы, дұрыс жаза білуі, Алаш қаламгерлері үшін маңызды және келелі мәселелердің бірі болды. Емле мәселесінде көбінің қаламына арқау болған, ең алғашқы талқыланған тақырыптардың бірі – жат тілден енген сөздердің емлесі.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде: «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскен де, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-артына тарап әр түрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі

жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған, мақсұт – сол жікті бітеп жалғау болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты қате деп қыңыр жолмен кірмей, тура жолмен келу керек»,–деген болатын[1]. А.Байтұрсынұлы жат сөздер жайлы тұжырымын пән сөздері жайлы баяндамасында да айтып өтеді.

Ғалым: «Пән сөздері туралы баяндаманың бірі менікі болғандықтан, өз баяндамамның да мазмұнын қысқасынан айта өтейін. Баяндамамдағы айтқаным: пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен»,–дейді[1]. Ал қазақ тілі жат сөзге әуестенбей, оны өз тіліне икемдеп жасағаны жайлы: «Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды»[1]. Жат сөздерді өз тілімізге икемдеу арқылы қазақ тілінің үнін сақтаймыз. Ал біздің тілімізде бұл үндестік заңдылығының алатын орны орасан зор.

Ғалым, Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздер» баяндамасында: «Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап қазақ тіліне сіңісіп кететін болуы үшін, оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз ақ «*нікі*» мен жалғанып айтылатын түр. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару – қата. Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, ия бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды. Қазақ тілінің сөздің бас буыннан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп ия «е», ия жуан «а» қылып алу керек («адабыиат» - «әдебиет»)[2].

Ғалым Елдес Омарұлы бұл ережелер тобын ұсына отыра, қазақ тілінің өзге тілден енген сөзді икемдейтін өз заңдылығы болғанын дұрыс көріп, жат сөз енгенде тілге зиян келтірмеу керегін айтқан.

1928 жылы Қызылорда қаласында өткен Алаш зиялыларының конвенциясында латын әліпбиіне өту жайлы кеңесінде “Емле кеңесі” қорытынды жасаған болатын. “Емлемізде қандай өзгеріс болды”,–деген сұраққа Т. Шонанов былай жауап береді:“Әуелі емлеміздің негізі анықталды, бұрын емлеміз дыбыс жүйелі дегенмен де басқа белгілер көп араласатын еді. Бір дыбыс анық естілсе де, өзгерген күйіне қарай басқа әріпті жазушы едік, мысал: “сап” естілсе де “саб” жазу сияқты. Енді емлеміз негізі тек дыбыс жүйесі болды: сөз қалай естілсе солай жазылады”[3]. Кірме сөздер жайлы айтқанда, қазақтың төл сөзі мен шеттен кірген жаңа кірешек сөздерге бір ақ түрлі емле ұсталады: шет сөздер де дыбыс жүйесі мен қазақ тілінің заңына көндіріліп жазылатын болды. Бірақ орынсыз жерде шет сөзі бұзылып жазылмайтындығын да атап өтеді. Сөзді “төл”, “шет” деп айырмағанда ғана қалың еңбекшілерге тез сауаттану, шет сөзді сіңіру оңай болатындығын айтады.

Алаш зиялысы Т. Шонанов: «Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, қат тануына оңтайлы болуы үшін, жат тіл імлесін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек. Осы күні бір жат сөз әр түрлі құбылып жазылады. Мысалы: камисарият, камисерет, камөнес т.т. Шет сөздер дұрыс жазылу үшін:

1) аяғы қалай жазылуына, 2) түбірінің қазақ тіліне үйлеспейтін дыбыстарын қалай өзгертіп, қысқартауына жол көрсетілсін.

Шет сөзді жазуда заңға сүйенбегендіктен, орыстың «кооперация» деген сөзінен аяғын «се», «тсе», «са», «тса», «тсие» қылып құбылтып жүрміз. Жат сөз қазаққа қол байырғы болу үшін керек жерінде барлық дыбысын өзгертуіміз керек. Өйткені әр тілдің дыбыстарының айтылатын, шығатын жолдары бар. Сол жолмен жүрмеген адам дыбысты айта алмайды. Орысша сөйлеген қазақ он жыл оқыса да, орыс тілінің дыбысын дұрыс айта алмайтыны осыдан», – дейді де бірнеше заңдылықтар тобын ұсынады[3].

Ғалым ұсынған ережелерді орфографиялық ережемен салыстыра қарасақ.

Телжан Шонанұлы	1963-2013 жылғы	Біздің ұсынысымыз
орфографиялық сөздіктер		
жағрапа	география	жағрапа

Т. Шонанұлы: «Ауропа иэ орыс тілінің басындағы г қазақша жазылсын», – деген болатын. «*География*» сөзі қазақ тіліндегі үндестік заңдылығына бағынып тұрған жоқ.

Телжан Шонанұлы	1963-2013 жылғы	Біздің ұсынысымыз
орфографиялық сөздіктер		
пайда	пайда	пайда
парыз	парыз	парыз
пизик	физика	пизик

Сондай-ақ, «ф» орнына «п» немесе «б» әрпі қолданылуы керек. Себебі

Т. Шонанұлы: «Шет сөздегі «ф» орнына қазақша «п» жазылсын, мысал: фильма – пилма, физика – пизик... «Ф» төменгі ерінді тіс пен қатар қимылдатып қазақ дыбыс шығара алмайды. Шет сөздің «ф»-сын қазақ «п» ия «б» қып айталады. Мысал: *фарыз – парыз, файда – пайда, печать – бешет*», – деген болатын.

Жат сөздердің тілімізге икемделуі жайлы ғалым Қошке Кемеңгерұлы «Қотыр сөздер» атты мақаласында былай дейді: «Білімпаздар тобы «Жат сөздерді» қазақ тілінің құрылысына, «Үндестік заңына» үйлестіріп алу керек деді, бірақ мұны жүзеге асырушылар некен-саяқ. Мұны жүзеге асыратын алдымен жазушылар, оқытушылар болу керек еді.Бірақ баспа жүзінде әр кім өз бетімен сай үрлеп жүр. Газеттің бір ғана нөмірінде кездескен сөздерді алдарыңызға тартайын. «*Италияге*», «*тіресті*», «*десетина*», «*күрстар*», «*Скандинеу*», «*уаде*», «*бүджет*» деп жазылған.

«*Италия*» – жуан сөз, «*ге*» – жіңішке сөздің жалғауы. Бұл екеуін бір жерге қосақтау «Тіл құралын» өмірінде бір оқымаған топастың жұмысы болады. «*ге*» - ден айырылғысы келмеген азамат «Ителиеге» деп жазу керек. «*г*», «*к*», «*е*» қосылған сөздер жіңішке айтылатын, бұларға көршілес «*а*» да жұмсақ айтылатын. Сондықтан «*десетине*», «*күрістер*», «*Искандинеу*», «*уаде*» деп жазу керек, соңғы сөзді «*уада*» деп жазса да жарайды.

Қазақ тілі осы күнде мемлекет тілі болып отыр. Сондықтан жазуға талабы бар азаматтар «Тіл құралдары» мен Нәзірдің, Халелдің «Үндестік заңы» туралы жазған кітапшаларымен табысу керек[4]».

Ғалым Қ.Кемеңгерұлы А.Байтұрсынұлы, Н.Төрекұлов және Х.Досмұхамедұлының еңбектерін жоғары бағалап, қазақ тілінің заңдылықтарын ең асылы осы ғалымдар еңбегінде екенін айтқан болатын.

Нәзір Төрекұлов өз баяндамасында: «...Алайда жат сөздерді бас реңкіне қоя салғанымыз тағы жарамас. Кимелеп тіліміздің тас-талқанын шығарып жатқан жәйттер баршылық. Біз білетін тілдерде жат сөздерге шектеу емес, өз тілінің заңдылығын қарсы қояды. Қазаққа да өз тілінің заңына сүйенген белгілі бір көше салып қоймағымыз керек. Қазақ тіліне қажетті жат сөз болса қазақтың тымағын киіп, жалпақ тіліне жатырқамай кірсін», – деген[5].

Қорыта айтқанда, шет тілінен енген сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарын, соның ішінде Алаш зиялыларының еңбектерін басшылыққа ала отырып тілімізге икемдеуіміз керек. Себебі, әр тілдің өз үні бар. Қазақ тілінің табиғатын, ерекшелігін сақтау – әрбір қазақтың борышы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 б.
2. Елдес Омарұлы. Қазақша пән сөздер. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құрастырған: Ш.Құрманбайұлы. Астана: «1С-Сервис» ЖШС 2005, 94-100б.
3. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2017.
4. Кемеңгерұлы Қ. К29 Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары / Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т.1. – 384 б.
5. Төрекұлов Н. Т65 Шығармаларының көп томдық жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре» 2007. 1-том. – 256 б.
6. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 64000 сөз. Редакциясын басқарғандар Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Алматы, Изд. АН КазССР, 1963.
7. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 49000 сөз. Қазақ ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты. – Өңд., толықт., 3-басылым – Алматы: Қазақстан, 1988. –400 б.
8. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 50000 сөз. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Тіл білімі институты. – Өңд.толықт., 4-бас. – Алматы: Дайк Пресс, 2001.- 464 б.
9. Орфографиялық сөздік/ Құраст.: Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова,
10. Қ. Күдерінова, Ғ. Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.
11. Орфографиялық сөздік/ Алтыншы басылым. Құраст.: Н. Уәлиұлы,
12. А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова, Ж. Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова. Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 720 б.

ӘОЖ 81.373

КӨНЕ ЖАЗБАЛАРДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКА: ҚОС СӨЗДЕР ТУРАЛЫ

Даубайқызы Ұлпан

1697004781@qq.com

Орталық Ұлттар Университеті

Қытай аз ұлттар тіл-әдебиеті институтының аспиранты

Ғылыми жетекшісі – Ш.Құрманбаева

Көне жазбалардағы қос сөздерге терең үніле, сыңар мәнін аша қарасақ, тіл мен мәдениет тарихынан сан алуан мағлұматтар алуға болады. Қазақ тіл білімінде этнолингвистикалық